ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 13 қыркүйек №4360-24-00-2/2126 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: судья Н.Б.Еламанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Абзал» атауымен әрекет етуші Нургуль Нагызханова Абсадыкова дара кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Абзал» атауымен әрекет етуші Нургуль Нагызханова Абсадыкова дара кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Абзал» атауымен әрекет етуші Нургуль Нагызханова Абсадыкова дара кәсіпкері шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Абзал» атауымен әрекет етуші Нургуль Нагызханова Абсадыкова дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 15.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 23.10.2024, судья Еламанов Н. Б., 17.11.2024

Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Н.Б. Еламанов**

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 15.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 23.10.2024, судья Еламанов Н. Б., 17.11.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство